

Сенат
Заңаспа

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ-БӨРІЛІ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ «Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ
АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

«13» маусым 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, (бұдан әрі «Музей-қорық») атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, **директор Сағадиев Ұлан Болатұлы** бір тараптан және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, (бұдан әрі – Институт) атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, **Бас директор, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кабульдинов Зиябек Ермуханович** екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, бірлескен қызметке ортақ мүдделілікті білдіре отырып, осы ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды және төмендегілер туралы келісімге келді.

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай бағыттарын айқындайды:

1. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту. Бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
2. Ғылыми ақпаратпен алмасу және ғылыми зерттеулерді үйлестіру мақсатында бірлескен ғылыми экспедициялар, конференциялар, семинарлар, ғылыми симпозиумдар мен халықаралық деңгейдегі өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
3. Бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды іске асыруға гранттар алуға арналған өтінімдерді бірлесіп дайындау және ұсыну;
4. Ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарды дайындау және басып шығару. Рейтингітік басылымдарда бірлесіп жариялау және зерттеу нәтижелерін патенттеу, сондай-ақ Тараптардың ғылыми басылымдарында жарияланымдармен алмасу;
5. Жетекші оқытушылармен консультациялар, дәрістер оқу, сабақтар өткізу және оқу жұмысының басқа да нысандары үшін алмасу. Қысқа мерзімді және орта мерзімді бағдарламалар бойынша ғалымдар мен қызметкерлермен алмасу;

6. Аспирантура, докторантура арқылы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау, тағылымдамалар мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

7. Іргелі, қолданбалы және іздестіру зерттеулері саласындағы ғылыми бағдарламалар мен жобаларды бірлесіп орындау;

8. Ұйымдардың сайттары мен БАҚ арқылы Тараптардың бірлескен қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету, зерттеу нәтижелері туралы бірлескен жарияланымдар шығару.

Қорытынды ереже

1. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде не Тараптардың кез келгені оны бұзу туралы шешім қабылдаған сәтке дейін қолданылады. Осы Меморандумның қолданысы біржақты тәртіппен бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін. Осы Меморандумды бұзуға бастамашы Тарап болжамды бұзу күніне дейін 15 күн бұрын екінші Тарапты хабардар етуге міндетті, ол аяқталғаннан кейін Меморандум бұзылды деп есептеледі.

2. Егер Тараптар немесе Тараптардың бірі оның мерзімі аяқталғанға дейін 15 күн бұрын осы Келісімді бұзу туралы жазбаша хабарлама бермесе, келісім автоматты түрде келесі 5 (бес) жылға ұзартылады.

3. Тараптар бұл меморандумды ниет декларациясы ретінде қарастырады. Бірлескен қызмет бойынша барлық заңды және қаржылық міндеттемелер жеке шартпен рәсімделеді.

4. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалуға және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюға тиіс.

5. Осы Меморандумды іске асыру процесінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктер, егер олар келіссөздер барысында шешілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

6. Осы Меморандум 13 маусым 2025 жылы, заңды күші бірдей екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден жасалды.

ҚР ҒЖБМ ҒК «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты» ШЖҚ РМК
050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Шевченко к-сі, 28.
Тел.: +7 (727) 261-67-19
Факс: +7 (727) 261-67-19
E-mail: kazhistory@bk.ru



З.Е. Кабульдинов

«13» маусым 2025 ж.

ҚР МАМ Мәдениет комитетінің "Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы" РМҚК
071400, Абай облысы, Семей қаласы.
Қ.Мұхамедханов көшесі, 29
Тел: +7(722)-232-17-01
E-mail: abai-museum@mail.ru



Ү.Б.Сағадиев

«13» маусым 2025 ж.